
Мобильді байланыс
сигналдарын күшейткіш
ORANGE-2600

РЭМО



4779455

Құрметті тұтынушы

Сізге «РЭМО» зауытының ORANGE-2600 Plus мобильді байланыс сигналдарын күшейткішін сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Пайдалануды бастау алдында пайдаланушы нұсқаулығымен мұқият танысып шығуыңызды және оны болашақта көмекке жүгіну үшін сақтап қоюыңызды сұраймыз.

Сонымен қатар orange.remo-zavod.ru сайтын қарауды ұсынамыз.

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Orange-2600 Plus күшейткіші орынжайлар ішінде 4G LTE/LTE +(LTE2600 FDD Band7) стандартының мобильді интернет сигналының сапасын арттыруға арналған. Күшейткіш екі блоктан: қабылдау модулінен және қамту модулінен тұратын жүйе. Қабылдау модулі 4G сигналы бар аймақта (әдетте терезе алдында), ал қамту модулі мобильді құрылғыларыңыз орналасқан жерде орналасады. Күшейткіш көмегімен Сіз қамту модулі айналасындағы 5 метрге дейін радиуста 4G интернетінің сенімді сигналын қамтамасыз ете аласыз. Бұл ауданы 75 ш.м. болатын қамту аймағына тең.

Orange-2600 Plus күшейткіші 4G модулімен жабдықталған кез келген құрылғылармен үйлесімді (USB-модемдер, планшет компьютерлері, смартфондар, ноутбуктар).

ORANGE-2600 Plus күшейткішін пайдалану оператордың базалық станциясы мен сіздің құрылғыңыздың 4G модулі арасындағы радиобайланыстың сапасын айтарлықтай жақсартады, бұл, speedtest.net сервисінің тестілеу нәтижелері бойынша, деректер беру жылдамдығының екі есе өсуін қамтамасыз ете алады.

Радиобайланыс сапасын жақсарту 4G модуліне қуатты төмендетуге және абонентті сәулелендіру деңгейін қауіпсіз шамаға дейін азайтуға мүмкіндік береді: өйткені қабылдау орнында базалық станциямен байланыс неғұрлым нашар болса, 4G модулінің сәулелену қуаттылығы соғұрлым жоғары болатыны белгілі.

ORANGE-2600 Plus мобильді байланыс сигналдарын күшейткіші сіздің құрылғыңыздың жұмыс уақытын бір аккумуляторлық зарядтаудан ұзартуға, ал қажет болған жағдайда, корпустың бүйір бетіндегі USB-ағытпадан да зарядтауға мүмкіндік береді.

Назар аударыңыз: күшейткіш LTE2600 TDD Band38, LTE800 FDD Band20 және LTE1800 FDD Band3 желілерінде

СИПАТТАМАЛАРЫ МЕН ЖИЫНТЫҚТАЛУЫ

ЖЕТКІЗУ ЖИЫНТЫҒЫ

Кабелі бар қабылдау модулі ..... 1 дана
Қамту модулі ..... 1 дана
Қуат беру блогы ..... 1 дана
Кронштейн және бекіту жиынтығы ..... 1 дана
Кепілдік талоны ..... 1 дана
Пайдаланушы нұсқаулығы ..... 1 дана
Қаптама ..... 1 дана

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ:

«Төмен қарай» жұмыс жиіліктер диапазоны*, МГц ..... .2600..2700
«Жоғарыға қарай» жұмыс жиіліктер диапазоны*, МГц ..... 2500..2570
Қабылдау модулінің күшейту коэффициенті, дБ ..... 40-қа дейін
Қамту модулінің күшейту коэффициенті, дБ ..... 35-ке дейін
Максималды қамту ауданы, м^2 .....75-ке дейін
Қамту модулінің антенналық ағытпасының түрі ..... SMA
USB-ағытпаның түрі ..... Am
230В желіден тұтынылатын қуат, артық емес, Вт..... 15
ҚБ шығыс кернеуі, В 9
ҚБ жүктемесінің максималды тоғы, А 2.0
Модульдер арасындағы коаксиалды кабельдің ұзындығы, м 10
Қабылдау модулінің өлшемдері, мм 240x240x60
Қамту модулінің өлшемдері, мм 180x80x50
Қабылдау модулінің салмағы***, артық емес, кг 1,2
Қамту модулінің салмағы, артық емес, кг 0,5

* бағыты: «БС - қабылдау модулі» және «қамту модулі - құрылғы»

** бағыт: «құрылғы - қамту модулі» және «қабылдау модулі - БС»

*** коаксиалды кабельдің салмағын есептемегенде

КҮШЕЙТКІШТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Модульдердің жалпы көрінісі мен тораптарының арналуы 1-суретте көрсетілген.
Orange-2600 Plus күшейткішінің екі модулі де белсенді: қамту модулі (2) ұяға (7) қосылатын желілік қуат блогынан қуат алады, ал қабылдау модулі (1) қамту модулінен коаксиалды кабель (3) арқылы қуат алады.

Қабылдау модулінің конструкциясында оның көшеде терезе, балкон немесе коттедж фронтоны жанында орналасу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл үшін жеткізу жиынтығына қабырғалық кронштейн мен бекітпе қоса берілген. Қамту модулін кез келген көлденең беттерде (үстелдің жұмыс беті, шкафтар, сөрелер және т.б.) немесе қабырғаларда орналастыруға болады. Модульдер күшейткіштің жұмыс жиіліктерінде радиосигнал берілуін қамтамасыз ететін, RG-58A/U типті 50 Ом толқынды кедергісі бар коаксиалды кабельмен қосылады.

Қамту модулінің бүйір беттерінде күшейткіштің жұмыс режимін көрсететін екі индикатор (4 және 5) орналасқан: жасыл – «Норма» – күту және деректер беру режимінде күшейткіштің штаттық жұмысы кезінде үнемі жанып тұрады. қызыл – «КАР қосу» – күшейтуді автоматты реттеу істеп кеткен кезде жыпылықтап тұрады немесе жанып тұрады. Бұл индикацияның пайда болуы не базалық модуль мен қабылдау-тарату антеннасының жақын орналасқанын, не күшейткіш с үзгілерін ің жұмыс жолағында қуатты сигнал (бөгеуіл)

Қамту модулі тұтыну тоғы 300мА аспайтын әртүрлі құрылғылардың аккумуляторларын зарядтауға арналған USB-ағытпамен (8) жабдықталған.

ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ

Смартфонның немесе LTE/LTE + 2600 желісінде жұмыс істейтін басқа құрылғының көмегімен терезенің немесе балконның жанында сигнал деңгейі барынша қол жетімді және тұрақты болатын жерді анықтаңыз.

Сигнал мүлде болмаған жағдайда ORANGE-2600 Plus мобильді интернетке қатынау мәселесін шешпейді!

Кронштейнді терезе, балкон жанындағы қабырғаға немесе фронтонға орнатыңыз. Жеткізу жиынтығындағы бекітпені пайдаланыңыз. Бекіту торабын 2-суретте көрсетілгендей етіп жинаңыз. Орнату кезінде қабылдау модулі базалық станция жағына қарай сигнал бағыттауы тиістігін ескеріңіз. Коаксиалды кабельді қамту модулінің болжалды орналастырылатын жеріне қарай тартыңыз. Бұл ретте кабельдің иілу радиусы кемінде 50 мм болуға тиіс, ал қабырғалардағы тесіктердің (олар арқылы кабельді тартқан жағдайда) диаметрі кемінде 10мм болуы тиіс.

Авариялық жағдай туындамау үшін модульдерді бір-бірінен кемінде 3 метр қашықтықта орналастырыңыз!


Кабельдің SMA-штеккерін қамту модулінің SMA-ұясына қосыңыз. Ағытпаны қолмен, құрал-сайман қолданбай бұраңыз. Қамту модулін көлденең бетке орналастырыңыз немесе қабырғаға монтаждаңыз (монтаждау тесіктерінің ортааралық қашықтығы - 49 мм).

Орнатылатын жерін таңдаған кезде қамту модулінен сіздің құрылғыңызға дейінгі қашықтық 5 метрден аспауға тиіс екенін, ал максималды әсер оған тікелей жақын жерде байқалатынын ескеріңіз (3-суретті қараңыз).


Жиынтықта жүретін қуат беру блогын қамту модулінің корпусындағы қуат беру ағытпасына қосыңыз. Бұл ретте қамту модулінде «Норма» деген жасыл индикаторы жанады.

«Дабыл» индикациясы жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер индикация болса - модульдер арасындағы қашықтықты ұлғайтыңыз.

СУРЕТТЕР МЕН СХЕМАЛАР




1-сурет. ORANGE-2600 Plus жалпы көрінісі
1. Қабылдау модулі, 2. Қамту модулі,
3. Кабель, 4. «КАР қосу» индикаторы,
5. «Норма» индикаторы, 6. SMA ағытпасы, 7. Қуат беру ағытпасы,
8. USB ағытпасы




2-сурет. Қабылдау модулінің тораптары

1. Корпус, 2. Қапсырманы бекіту түйреуіші, 3. Г-тәрізді қапсырма, 4. Бекітпенің тісті элементі, 5. U-тәрізді қамыт, 6. Кабель шығысы.



3-сур. Жабу аймағы



4-сур. Қабылдау модулін орнату нұсқалары.

ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР

Ақаулықтың сипаттамасы	Ықтимал себептері	Жою тәсілі
«Норма» индикаторы жанбай тұр	Электр қуаты жоқ	Қуат блогының 220 В желісіне қосылуын тексеріңіз Штеккердің қуат беру ұясына қосылуын тексеріңіз
«Дабыл» индикаторы жанып тұр немесе жыпылықтап тұр	Модульдер бір-біріне тым жақын тұр	Модульдер арасындағы қашықтықты ұлғайтыңыз
Сигналдың күшеюі аз. «Норма» индикаторы жанып тұр.	Қабылдау модулі орнатылған жерде LTE сигналының деңгейі тым төмен	Қабылдау-тарату модулін басқа жерге орнатыңыз.
Сигнал күшеюі жоқ. «Норма» индикаторы жанып тұр.	SMA ағытпасында түйіспе жоқ. Коаксиалды кабель бүлінген.	SMA ағытпасының қосылу дұрыстығын тексеріңіз. Кабельде механикалық бүлінулер бар-жоғын тексеріңіз. Олар болған жағдайда - ақылы жөндеу үшін өндірушіге жүгініңіз.
Құрылғыдағы сигналдың деңгейі қамту модулінен сәл алыстаған кезде де түседі.	Қабылдау модулі орнатылған жерде LTE сигналы жоқ немесе оның деңгейі тым төмен	Қабылдау-тарату модулін басқа жерге орнатыңыз.
Сигнал күшейеді, бірақ деректерду тарату жылдамдығы өспейді.	Оператордың базалық станциясына тым көп абонент қосылған.	Басқа уақыттағы тарату жылдамдығын тексеріңіз.
Қуат қосылған кезде сигнал деңгейі өзгермейді. «Норма» индикаторы жанып тұр.	Орынжайда LTE сигналының деңгейі жоғары. Күшейткіш істен шықты.	Егер сіздің құрылғыңыздың шкаласы бойынша сигнал деңгейі 80%-дан асса, күшейткіш керек емес. Өндірушіге хабарласыңыз.

Егер күшейткішіңіздің ақаулығы осында сипатталмаған болса немесе Сіз оны жоя алмасаңыз - өндірушіге хабарласыңыз.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

«ORANGE-2600 Plus» мобильді байланыс сигналдарын күшейткіші КШУР.339517.064 сәйкес келеді және пайдаланылуға жарамды болып танылған.
Өндіруші тұтынушы пайдалану шарттарын сақтаған кезде бұйым КШУР.339517.064 талаптарына сай болатынына кепілдік береді. Пайдаланудың кепілді мерзімі - бөлшек сауда желісі арқылы сатылған күнінен бастап 12 ай. Механикалық зақымданулары мен ақаулары бар бұйымдар бойынша наразылықтар қабылданбайды. Наразылық білдірген кезде осы паспорт пен кепілдік талоны болуы қажет.
Өндіруші желімен қамтылмаған жерлерде және қабылдау модулі дұрыс орнатылмаған жағдайда 4G сигналының сапалы күшеюіне кепілдік бере алмайды. Мұндай жағдайларда күшейтудің болмауы бұйымды ақаулы деп тануға негіз болмайды. Наразылықтар мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады:

410052 Ресей, Саратов, а/ж 500
тел./факс: 8 (800) 775-07-94 e-mail: help@remo-zavod.ru
http://www.remo-zavod.ru

Өндірушінің атауы мен орналасқан мекенжайы:
«РЭМО-Технологии» ЖШҚ, 410033, Ресей, Саратов қ., 50 лет Октября даңғ. 101, литер П3, офис 222

Бұйымның құрамындағы қуат беру блогы сертификатталған